

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына  
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 711 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына  
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика  
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) орнықты даму мақсаттарын іске асыру қызметін үйлестіру;"

мынадай мазмұндағы 100-2) тармақшамен толықтырылсын:

"100-2) стратегиялық объектілердің меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің),  
оналтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық  
салу не оларды иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібін әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 105-2), 105-3) және 105-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"105-2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес  
жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін өз құзыреті шегінде қарау;

"105-3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес  
Қазақстан Республикасы азаматтарының петицияларын өз құзыреті шегінде қарау;

105-4) цифрлық трансформация жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 121-1) және 121-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"121-1) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және Астана әкімдерінің  
орынбасарлары мен аппарат басшылары үшін міндеттерді (қызметтің функционалдық  
бағыттарын) бөлуді мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп  
әзірлеу және бекіту;

121-2) орталық мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын қоспағанда) және  
жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін ұлғайту жөніндегі  
ұсыныстарға Қазақстан Республикасының Үкіметі қорытындысының жобасын  
дайындау;"

мынадай мазмұндағы 154-1) тармақшамен толықтырылсын:

"154-1) автоматтандыруға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бұйрықты бекіту;" ;  
мынадай мазмұндағы 231-1) тармақшамен толықтырылсын:

"231-1) ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйыммен қызмет нәтижелерін тану туралы келісім жасасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;" .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*